

2022 жылдың маусым айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы 118,4 млрд. теңгеге 281,3 мың ақша аударымдары жіберілген. 2021 жылғы маусыммен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 10,2% - ға азайып, ал көлемі керісінше 8,6% - ға өсті. 2022 жылдың мамырымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 14,6%-ға азайып, ал көлемі 7,5% - ға ұлғайды.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2022 жылдың маусым айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 6,4% және жалпы сомасының 11,8% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 93,6% және 88,2% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың маусым айында шетелге ААЖ арқылы 104,0 млрд. теңге сомаға 263,2 мың транзакция жіберілді. 2022 жылғы мамырмен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 3,6% - ға, ал көлемі 6,1% - ға өскен. Өткен жылдың маусымымен салыстырғанда жөнелтілген ақша аударымдарының саны мен көлемі тиісінше 3,4% - ға және 1,4% - ға өсті.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда: Өзбекстан – 36,3 млрд. теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,0% - ға өсті), Ресей – 22,5 млрд. теңге (31,4% - ға өсті), Түркия – 20,8 млрд. теңге (12,3% - ға ұлғайған), Грузия – 7,8 млрд. теңге (3,0 есе өсті), сондай - ақ Қырғызстан – 4,8 млрд.теңге (67,9% - ға азайды).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	230,0	87,4%	87 492,9	83,8%
CONTACT	14,8	5,6%	7 005,9	6,7%
Вестерн Юнион	9,3	3,5%	6 287,6	6,0%
MONEYGRAM	2,1	0,8%	2 063,0	2,0%
ЮНИСТРИМ	3,5	1,3%	1 177,1	1,1%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,5	1,3%	351,7	0,3%
Жалпы жиынтығы	263,2	100,0%	104 378,2	100,0%

Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Өзбекстан	102,9	39,1%	36 256,9	34,7%
Ресей	75,4	28,7%	22 495,7	21,6%

Түркия	34,6	13,1%	20 760,0	19,9%
Грузия	3,7	1,4%	7 808,5	7,5%
Қырғызстан	16,4	6,2%	4 806,9	4,6%
Қытай	2,5	1,0%	3 321,7	3,2%
Тәжікстан	16,7	6,4%	2 080,3	2,0%
Әзірбайжан	2,8	1,1%	1 713,7	1,6%
Армения	1,1	0,4%	1 664,1	1,6%
Украина	2,2	0,8%	859,8	0,8%
Басқалары	4,9	1,8%	2 610,7	2,5%
Жалпы жиынтығы	263,2	100,0%	104 378,2	100,0%

Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 52,8%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 66,8%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі **Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі**



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың маусым айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 91,9 млрд. теңге сомаға 176,3 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2022 жылдың мамыр айымен салыстырғанда алынған ақша аударымдарының саны 15,3%-ға, көлемі 32,9%-ға өсті. Өткен жылдың маусым айымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 1,8 есе және 3,4 есе өсті.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 66,9 млрд. теңге (өткен жылдың маусымымен салыстырғанда 13,1 есе үлкен), Қырғызстан – 6,5 млрд. теңге (2,5 есе өскен), Өзбекстан - 3,9 млрд. теңге (0,4%-ға азайды), Америка Құрама Штаттары – 3,5 млрд. теңге (20,0%-ға ұлғайған) және де Корея Республикасы – 3,4 млрд. теңге (11,9%-ға азайған).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	125,9	71,4%	75 981,0	82,6%
Вестерн Юнион	24,4	13,9%	6 122,5	6,7%
MONEYGRAM	10,6	6,0%	3 472,2	3,8%
CONTACT	5,5	3,1%	3 370,3	3,7%
ЮНИСТРИМ	5,7	3,2%	2 699,7	2,9%
Басқа ақша аудару жүйелері	4,1	2,3%	290,2	0,3%

Жалпы жиынтығы	176,3	100,0%	91 936,0	100,0%
-----------------------	--------------	---------------	-----------------	---------------


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	113,5	64,4%	66 858,9	72,7%
Қырғызстан	5,0	2,9%	6 498,1	7,1%
Өзбекстан	7,5	4,3%	3 917,4	4,3%
Америка Құрама Штаттары	11,0	6,2%	3 467,6	3,8%
Корея Республикасы	6,3	3,6%	3 357,7	3,7%
Германия	9,3	5,3%	1 470,7	1,6%
Түркия	4,9	2,8%	1 315,7	1,4%
Тәжікстан	4,8	2,7%	629,1	0,7%
Беларусь	0,4	0,2%	592,7	0,6%
Грузия	0,7	0,4%	499,2	0,5%
Басқалары	12,7	7,2%	3 328,8	3,6%
Жалпы жиынтығы	176,3	100,0%	91 936,0	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 51,8% және жалпы сомасының 77,7%) және қазақстандық теңге (тиісінше 35,4% және 16,5%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР

Қазақстан аумағында 2022 жылдың маусым айында 14,0 млрд. теңге сомасына 18,1 мың транзакция жүргізілді. 2022 жылғы мамыр айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 76,0%-ға азайса, ал операциялар көлемі 18,7%-ға өсті. Өткен жылдың маусым айымен салыстырғанда Қазақстанда ақша аударымдарының саны 3,2 есе азайып, ал көлемі 2,3 есе өсті.


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	4,4	24,0%	10 126,4	72,4%
Вестерн Юнион	0,7	3,7%	102,1	0,7%
ЮНИСТРИМ	0,1	0,8%	13,2	0,1%

CONTACT	0,03	0,1%	78,6	0,6%
Басқа ақша аудару жүйелері	12,9	71,4%	3 674,7	26,3%
Жалпы жиынтығы	18,1	100,0%	13 995,0	100,0%

Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

